

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Білім күні

ЖАРИЯЛАНДЫ
25.06.2019СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/58779/

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Дауренбекова Жибек Сериковна

Мақсаты: Бүлдіршіндерге Білім күні- мерекесінің қоғамда алатын орнын көрсету. Мерекелік көңіл күй орнату. Балалардың мектеп туралы түсініктерін кеңейту. Сахналық мәдениетін қалыптастыру.

Міндеттері: Балаларға 1-ші қыркүйек күні Білім күні жайында түсінік беру. Өз туған елдеріне, жерлеріне, балабақшасына сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Елімізде тек қана бейбітшілік тыныштық үшін, әр адам оған атсалысу керектігін түсіндіру. Байланыстырып сөйлеуді, сөйлем құрауды үйрету.

Дамытушылық: Балалардың жеке қасиеттерін дамыту, тақпақ, өлең, сахналық мәнерлеп сөйлеуді, нақышыңына келтіріп айтуды үйрету. Балалардың бойына ұлттық мақтаныш, өз ана тіліне деген сүйіспеншілік сезімдерін қалыптастыру.

Тәрбиелік: Бірін бірі сыйлауға адамгершілік қасиеттерін жоғалтпай ұстауға жетелеу.

Көрекі құралдар: Қазақстан Республикасының рәміздерінің суреттері, оқу құралдар, ойыншықтар.

Достық шеңбері:

Біздің топта балалар тату тәттәі ойнайды,

Дос көңілі әр-қашан тек жақсылық ойлайды

Тәрбиеші: Бүгіннен бастап біз доспыз, арамыз ешқашан ос ышеңбе

Дамыту ортасы:

Тәрбиеші: Балалар, бүгін бізде ерекше күн, бүгінгі біздің ұйымдастырылған оқу қызметіміз 1-ші қыркүйек білім күніне арналады. Бұл күні барлық балабақшаларда, мектептерде, басқа да білім беру мекемелерінде сабақтар басталады. Бұл күн сендер үшін, яғни оқушылар үшін, ұстаздар үшін үлкен мереке күні болып саналады. Әр-бір мектептерде, балабақшаларда, басқа да білім беру мекемелерде тұңғыш қоңырау соғылады (тәрбиеші қоңырау соққан баланын суретін көрсетеді). Осы тұңғыш қоңыраудан бастап күнделікті оқу басталады. Балалар жақсы, білімді, тәрбиелі азамат болу үшін, ерінбей оқу оқып, білім алу керек. Ол үшін сендер балабақшаға күнде келіп, сабақ оқып, тәрбие алу керексіңдер.

Ән «Балабақша гимні» (аудио дыбыспен қосылып балалар хормен ән айтады)

Осы кезде сырттан есік қағылып сырттан жалқаубек келеді.

Жалқаубек: Ой балалар, мұнда не болып жатыр? Кеттік ойнайық. Менімен ойнағыларың келіп тұр-ай деймін.

Тәрбиеші: Жалқаубек, бұның не? Мерекелік киіміңді киіп келмейсің бе? Бүгін бізде мереке, 1-ші қыркүйек- білім күні, барлық мектептер мен балабақшаларда осы мерекені толап жатыр.

Жалқаубек: Әй балалар, мектеп дей ме? Мектепте біздің апалаымыз, ағаларымыз барады. Біз басымызды ауыртып қайтеміз, оданда жүріңдер, ойнайық.

Тәрбиеші: Жалқаубек, сіз одан да бізбен бірге қалып, мерекені тойлап, тамашалаңыз. Біздің балалар ақылды, алғыр, өнерлі. Ал сіздің қандай өнеріңіз бар?

Жалқаубек: Мен жалқау болсам да, өнерлімін! Мен би билей аламын.

Тәрбиеші: Біздің өнерлі балалаларымыз сізбен бірге би билегісі келіп тұр. Жалқаубек пен балалаларымыздың өнерін тамашалайық! (сергіту сәті)

Тәрбиеші: Балалар мен сендерге сұрақ қойғым келіп тұр. Қазақстан Республикасының астанасы қай қала?(Астананың суретін көрсету)

(Балаларың жауабы: АСТАНА)

Біздің президентіміз кім?(Н.Ә. Назарбаев портретін көрсету)

Қ.Р рәміздерін кім біледі? (Қ.Р рәміздерін суретін көрсету)

Қ.Р туында не суреттелген? Ол нені білдіреді? Елтаңбада не суреттелген?

Қазақстанда қандай ұлттар өмір сүреді?

Қ.Р рәміздері туралы тақпақтарымызға кезек берейік

ЗЕРЕ: Елтаңбасы елімнің,

Неткен әйбат,әдемі.

Тұнығындай көңілдің,

Ортада аспан әлемі.

АЯЖАН: Көк аспандай көкпеңбек,

Қазақстан жалауы.

Көк емес ол тектен тек,

Елдің ашық қабағы.

Жарайсыңдар балалар мен сендерге риза болдым.

Залға әдемі әуенмен суретші кіреді: (Қолында түрлі түсті қарандаштар және гүлдері бар)

Сәлеметсіздер ме, балалар?

Тойларың тойға ұлассын!

Балалар: Сәлеметсіз бе?

Суретші: Балалар мен суретші боламын, сендерді бүгінгі білім күнімен құттықтау үшін арнайы келдім. Балалар түстер туралы не білесіңдер? Түстер суық және жылы болып екіге бөлінеді, ал сендер түстерді ажырата аласыңдар ма?

Балалар: Иә

Суретші : Қандай түстерді білесіңдер?

Балалар: Қызыл, сары, көк, күлгін, жасыл, қоңыр.

Суретші: Керемет, ал сендер ойын ойнағыларың келе ме?

Балалар: Иә

Ойын: (өз түсіңді тап)

Шарты: Еденде төрт түсті гүлдер қойылады, сол түсті қарындаштар беріледі. Әуенмен билеп жүріп, әуен тоқтағанда өз түсіне сәйкес гүлдің тұсына үлгеру керек.

Суретші: Балалар сендер түсті жақсы айыра алады екенсіңдер. Мен сендерге ризамын. Мен енді кетейін, сіздерге сәт сапар!

Балалар: Сау болыңыз.

Тәрбиеші: Қандай ғажап бүгін күн.

Күлкі күміс жан жағың,

Көрдiңбе дос құрбыңның,

Қолға портфель алғанын.

Жарайсыңдар. Өнерлерің өрге жүзсін! Бүлдіршіндеріміздің өнер, білім үйреткен, сүйікті балабақшаға арнаған әніне кезек берейік.

Ән: (Балабақшам-бақұям)

Тәрбиеші: — Бүгінгі мерекелік ертеңгілігіміз осымен тамам.

Ден қойып тыңдағандарыңыз үшін көп рахмет!

Баршаңызды балабақшамыздың білім бағына шақырамыз!

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.